ҰЙҒАРЫМ

2024 жылдың 14мамыр № 7527-24-00-2/286 Алматы қаласы

Алматы каласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» РММ Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 8 ақпандағы сот шешіміндегі жіберілген қате жазуларды түзету туралы арызын қарап,

АНЫҚТАДЫ :

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 8 ақпандағы сот шешімімен «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» РММ-нің «Allianz kz» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы толық көлемде қанағаттандырылды.

Бұл ретте қарар бөлігінде жауапкерді 2023 жылғы 24 қарашадағы № 277 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы шешім көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 235 бабына сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

АПК-нің 235 бабын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» РММ-нің арызын қанағаттандырылсын.

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылдың 8 ақпандағы шешімін келесі мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Жауапкер «Allianz kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы 24 қарашадағы № 277 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын».

Осы сот арқылы ұйғарым аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Алматы қалалық сотының апелляциялық сатысына жеке шағым және/немесе өтінішхат берілуі мүмкін.

Судья **К.Т. Өтепов**

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 21.05.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»